



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

01.07.2021 № 2-010336-21-44660
02.06.2021ж. №ДЗ-200

**Қазақстан халқы Ассамблеясынан
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттарына
(тізім бойынша)**

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура сіздердің қаржылық пирамидалардың қызметі мен жарнамалануы туралы депутаттық сауалыңызды қарады.

Құқық қорғау органдары осындай фактілерді анықтау және оның жолын кесу бойынша жұмыс жүргізуде.

Соңғы 3 жылда Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде Қылмыстық кодекстің 217-бабы (қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету) бойынша 365 материал тіркелді (2019ж. – 24, 2020ж. – 180, 2021ж. 5 айы – 161).

Анықтама үшін: сотқа 321 іс жіберілді (2019ж. – 61, 2020ж. – 150, 2021ж. 5 айы – 110), оның ішінде 2019 жылға дейін тіркелгендер де бар. Қылмыстық жауаптылыққа 27 адам тартылды (2019ж. – 4, 2020ж. – 13, 2021ж. – 10).

Мысалы, 2021 жылдың сәуір - мамыр айларында Алматы қаласының Полиция департаментіне қаржы пирамидасын құру және басқару («Astex.kz» ЖШС, «ACD technology» ЖШС және «Мудароба» ЖШС) фактісі бойынша К. есімді азаматқа қатысты шаралар қабылдау туралы арыздар келіп түскен.

Қылмыстық кодекстің 217-бабы 3-бөлігінің 2-тармағы (қаржылық пирамиданы құру және оған басшылық ету) бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды (жоғарыда аталған адам ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды). Тергеу жалғасуда.

Жоғарыда аталған қаржы ұйымдарының («Astex.kz» ЖШС, «ACD technology» ЖШС және «Мудароба» ЖШС) жарнамасына қатысушыларды әкімшілік тәртіппен жазалауға қатысты төмендегілерді атап өтеміз.

Шынында да, қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылар өз қызметін жарнамалау үшін атақты адамдарды тартқан.

Формальды түрде олардың әрекеттерінде ӘҚБтК-ның 150-бабы (қаржылық (инвестициялық) пирамида қызметін жарнамалау) бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы байқалады.

Алайда қылмыстық іс бойынша үкім (қаулы) шығарылғанға дейін ҚК-ның 217-бабы бойынша ұйымның қаржы пирамидасы болып табылатынын немесе табылмайтынын анықтау мүмкін емес.

Осыған байланысты, жарнамалау кезінде жоғарыда аталған ұйымдар қаржы пирамидалары болып танылмаған, сондықтан ӘҚБтК-ның 150-бабы бойынша медиалық тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін құқықтық негіздер жоқ.

Баяндалғанмен қатар, тергеу барысында блогерлердің, вайнерлердің және басқа да атақты адамдардың қаржы пирамидаларын құруға қатыстылығы анықталған жағдайда қылмыстық қудалау органдары олардың әрекеттеріне тиісті құқықтық баға беру және көмектескені үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу қажеттігіне бағдарланған (ҚК-ның 28-бабы 5-бөлігі).

Бас прокуратурада жұмыс тобын құруға қатысты қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл бойынша тиімді шаралар әзірлеу мақсатында бұрын ведомствоаралық жұмыс тобы (оның құрамында Бас прокуратура, ПМ, Қаржымині, АҚДМ, Ұлттық Банк, бұдан әрі - ВАЖТ) құрылғанын хабарлаймыз.

ВАЖТ аясында азаматтық қоғам институттарын тарта отырып, Ынтымақтастық туралы меморандум әзірленіп, Медиа-жоспар бекітілді.

Анықтама үшін: тұрақты мониторингпен 495 баспа басылымы, 49 телеарна, 200-ге жуық ақпараттық интернет-ресурстар және барынша танымал әлеуметтік желілер қамтылды.

Сондай-ақ жеке тұлғалардың қаржы ұйымдарын жарнамалауға заңнамалық тыйым салуды енгізудің орындылығы зерделенуде.

Сонымен бірге ағымдағы жылғы 4 наурызда қаралып отырған саладағы проблемалық мәселелер кешені Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі отырысында талқылау пәні болып, жауапты мемлекеттік органдарға бірқатар ұсынымдар әзірленді.

Ғ. Нұрдәулетов



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

01.07.2021 № 2-010336-21-44660

02.06.2021ж. №ДЗ-200

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
от Ассамблеи народа Казахстана
(по списку)**

Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой рассмотрен ваш депутатский запрос о деятельности и рекламировании финансовых пирамид.

Правоохранительными органами проводится работа по выявлению и пресечению таких фактов.

За последние 3 года в Едином реестре досудебных расследований по статье 217 Уголовного кодекса (создание и руководство финансовой (инвестиционной) пирамидой) зарегистрировано 365 материалов (2019г. – 24, 2020г. – 180, 5 мес. 2021 г. – 161).

Справочно: в суд направлено 321 дело (2019г. – 61, 2020г. – 150, 5 мес. 2021г. – 110), в числе которых и зарегистрированные до 2019 года. К уголовной ответственности привлечено 27 лиц (2019г. – 4, 2020г. – 13, 2021г. – 10).

К примеру, в апреле-мае 2021 года в Департамент полиции города Алматы поступили заявления о принятии мер в отношении гражданина К. по факту создания и руководства финансовой пирамидой (ТОО «Astex.kz», ТОО «ACD technology» и ТОО «Мудараба»).

Начато досудебное расследование по п.2 ч.3 ст.217 (создание и руководство финансовой пирамидой) Уголовного кодекса (вышеуказанное лицо задержано и водворено в изолятор временного содержания). Следствие продолжается.

Касательно наказания в административном порядке участников рекламы вышеперечисленных финансовых организаций (ТОО «Astex.kz», ТОО «ACD technology» и ТОО «Мудараба») отмечаем следующее.

Действительно, организаторы финансовых пирамид для рекламирования своей деятельности привлекали знаменитостей.

Формально, в их действиях усматривается состав административного правонарушения по статье 150 КоАП (рекламирование деятельности финансовой (инвестиционной) пирамиды).

Однако, до вынесения приговора (постановления) по уголовному делу по статье 217 УК определить является ли организация финансовой пирамидой не представляется возможным.

В этой связи на момент рекламирования вышеуказанные организации финансовыми пирамидами не признаны, поэтому правовых оснований для привлечения медийных лиц к административной ответственности по статье 150 КоАП нет.

Наряду с изложенным, в случае установления в ходе следствия причастности блогеров, вайнеров и других знаменитостей к созданию финансовых пирамид, органы уголовного преследования ориентированы на необходимость дачи их действиям соответствующей правовой оценки и решения вопроса о привлечении к уголовной ответственности за пособничество (часть 5 статьи 28 УК).

Относительно создания рабочей группы в Генеральной прокуратуре сообщаем, что в целях выработки эффективных мер по противодействию финансовым пирамидам ранее создана межведомственная рабочая группа (в ее составе Генеральная прокуратура, МВД, МФ, МИОР, НацБанк, далее - МВРГ).

На площадке МВРГ разработан Меморандум о сотрудничестве с привлечением институтов гражданского общества, утвержден Медиа-план.

Справочно: постоянным мониторингом охвачено 495 печатных изданий, 49 телеканалов, порядка 200 информационных интернет-ресурсов и наиболее популярные социальные сети.

Также изучается целесообразность введения законодательного запрета на рекламирование финансовых организаций физическими лицами.

Наряду с этим, комплекс проблемных вопросов в рассматриваемой сфере 4 марта т.г. был предметом обсуждения на заседании Координационного совета по обеспечению законности, правопорядка и борьбы с преступностью, где выработан ряд рекомендаций ответственным государственным органам.

Г. Нурдаулетов